

**«Павлодар қаласы №19 жалпы орта білім беру мектебі» КММ  
Мектеп асханасының тамақтану сапасын тексеру актісі 20.04.2022ж.**

Біз, мектеп әкімшілігі: мектеп директоры Бекбаева А.Т., ДТІЖО Саденова Р.Ж., әлеуметтік педагог З.Е. Есебаева., медбике Кусаинова А.У., ата-аналар комитетінің төрайымы Р.А. Боранбаева және Қамқорлық кеңесінің төрайымы И.Каримова 25 ақпан күні сағат 14.30-да мектеп асханасына рейд жүргіздік. Бұл рейдте жоспарға сәйкес жалпы мектептегі оқушылардың қалай тамақтанып жатқанын басқылау мақсатында жүргізілді.

Жалпы асханада 32 стол, 128 орындық және 4 холодильник пен т.б. жабдықталған. Сондай-ақ асхананың жағдайын және тамақтың сапасын тексеру болды. Акті бойынша дайындалған тағамдар нормаға сәйкес, ас мәзірі де нормаға сәйкес келетіндігі туралы айтып өтті. Асхананың температуралық тәртіп сақталған. Тоңазытқыштарды тазалап отыру керектігі де айтылды. Тағамдарды қайта даярлау үшін пайдаланылған кейбір құралдарды тазартып отыру керек екендігі туралы да айтып өтті.

Оқушыларымыз ыстық тамақпен қамту бойынша. Жалпы мектептегі барлық балалар бастауыш буын, орта буын және жоғарғы буын болса да барлығы 1-4 сынып оқушылары болса, дерлік ыстық тамақпен қамтылған. Әр сынып оқушылары тапсырыс бойынша мектеп асханасынан тамақтанады. Сонымен қатар жеке диета ұстайтын оқушыларымыз да бар. Оларға ас мәзірі жеке дайындалады.

Мектеп асханасының санитарлық-гигиеналық жағдайы талапқа сай қанағаттанарлық деп айтуға болады. Бракеражды журналды күнделікті таңертең келіп, ас мәзіріне сәйкестігін тексеріп, содан соң толтыратындығы туралы айтып өтті. Бұл журналда әр тамақты сапасына баға беріліп толтырылатынын айтты. Сонымен қатар асхана меңгерушісі Г.К.Баймуханбетоваға тамақтың, шәйдің үнемі ыстық болуын және тамақтың беті жабулы болуы ескертілді.

**Ұсыныс:**

1. Әр күнгі тағамдардың ас мәзіріне сәйкестігін қадағалау.
2. Сынып жетекшілері оқушылардың сұраныс арқылы баруын ұйымдастыру.
3. Тамақтануды бақылау күнделігін тексеріп, толтырып отыру.

Мектеп директоры А.Т. Бекбаева  
Басшы орынбасары Р.Ж. Саденова  
Әлеуметтік педагог З.Е. Есебаева  
Жалгер: Г.К. Баймуханбетова  
Ата-аналар комитетінің  
төрайымы Р.А. Боранбаева  
Қамқорлық кеңесінің  
төрайымы И.Каримова

